

Теория мен практиканың байланысы

2015 жылдың 13 мамырында Қазақстан Республикасы ІІМ ҚАЖ комитетінің Пробация қызметін басқару бөлімі Қостанай облысы бойынша ҚАЖ департаментінің базасында бейне-селекторын өткізді.

Бұл бейне-селекторға облыстың барлық пробация қызметінің қызметкерлері және Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қызметкерлері қатысты.

Бейне-селекторды Қазақстан Республикасы ІІМ ҚАЖ Комитеті төрағасының орынбасары әділет генерал-майоры М.А. Аюбаев ашты. Бұрын Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Ғылыми-зерттеу орталығы, Қазақстан Республикасы ІІМ ҚАЖ Комитетімен бірлесіп «Сотталғанның мінез-құлқысын түзетуге бағытталған, өмірдің әр түрлі жағдайындағы оның мінез-құлқы үлгісін ескеріп, есепке алынған тұлғаларымен алдын алушылық әңгімесін жүргізу бойынша пробация қызметінің қызметкерлері үшін Әдістемелік ұсынымдары» әзірленді.

Селектор барысында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Ғылыми-зерттеу орталығымен жоғарыда көрсетілген әдістемелік ұсынымдарын практикада қолдануы бойынша пробация қызметінің қызметкерлері үшін бейне-конференция байланысы рижимінде дәрісі өткізілді.

Біздің ойымызша, өткізілген бейнесабак, пробация қызметінің қызметкерлеріне, есепке алынған тұлғаларына әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіп, олармен құқық бұзушылықтарының қайталануына жол бермеу бойынша профилактикалық әңгімесін өткізуге және тәрбие жұмысын одан әрі дұрыс жүргізуге көмектеседі.

Сонымен бірге, бейне-селекторда «Южный» полиция тірек орнына ЕСЭДО, ІО, «СИОПСО», «Беркут-клиент ГО» базаларын қосумен пробация қызметінің қызметкерлері үшін автоматтандырылған жұмыс орындарын құру бойынша ұйымдық-практикалық шараларын қабылдау туралы сұрақтары қарастырылды.

Біздің ойымызша, осындай іс-шаралар пробация қызметінің қызметкерлерінің кәсіби қызметіне және есепке алынған тұлғаларына әлеуметтік-құқықтық көмегін жүргізу барысында проблемалы сұрақтарын шешуге жағымды ықпалын тигізеді.

Гүлмира Қожмұхамедова
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академия ҒЗО тобының
ғылыми қызметкері
полиция подполковнигі